

Мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының саҳналық қойылым құралдарын есепке алу, беру және есептен шығару нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 388 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 29 желтоқсанда № 12630 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 157-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 11.04.2025 № 157-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 35-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 344) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 17.01.2025 № 15-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының саҳналық қойылым құралдарын есепке алу, беру және есептен шығару нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрдегі осы бұйрықтың көшірмелерін жолдауды;

3) осы бұйрықтың ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен соң он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат ұсынуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2015 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 388 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының сахналық-қойылым құралдарын есепке алу, беру және есептен шығару нұсқаулығы

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Мәдениет және ақпарат министрінің 17.01.2025 № 15-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының сахналық-қойылым құралдарын есепке алу, беру және есептен шығару нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 35-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 344) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының (бұдан әрі – мәдениет ұйымдары) сахналық-қойылым құралдарын есепке алу, беру және есептен шығаруды нактылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Мәдениет және ақпарат министрінің 17.01.2025 № 15-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мәдениет ұйымдарының сахналық-қойылым құралдары мәдениет ұйымдарындағы спектакльдердердің, концерттік бағдарламалардың, көріністердің материалдық безендіру заттарынан тұрады.

2-тарау. Сахналық-қойылым құралдарын есепке алу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 17.01.2025 № 15-НҚ (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Сахналық-қойылым құралдарын есепке алу бірлікпен өлшенеді.
4. Сахналық-қойылым құралдарын есепке алу мәдениет ұйымының тиісті құрылымдық бөлімдеріндегі материалдық жауапты тұлғамен және бухгалтерлік қызметпен (бұдан әрі – материалдық жауапты тұлға) жүргізіледі.
5. Сахналық-қойылым құралдарын есепке алу сахналық-қойылым құралдарының тұсу есебін және түгендеу есебін алу жолымен жүргізіледі.
6. Сахналық-қойылым құралдарының тұсуін есепке алуға келесі рәсімдер кіреді:
 - 1) сахналық-қойылым құралдарын қабылдау. Қабылдау барысында ақаулардың, зақым келуінің бар-жоқтығы тексеріледі және осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысанда қабылдау жөнінде акт жасалады.
Қабылдау жөніндегі акт екі данада жасалып, бір данасы сахналық-қойылым құралдарын жинақтайтын құрылымдық бөлімде қалады, басқа данасы мәдениет ұйымының бухгалтериясына беріледі;
 - 2) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жасалған нысанда сахналық-қойылым құралдарын түсім кітабына енгізу (бұдан әрі - түсім кітабы). Түсім кітабына жеке ерекшелігі көрсетілген әр сахналық-қойылым құралы туралы мәлімет енгізіледі және аталған сахналық-қойылым құралын пайдаланатын мәдениет ұйымының құрылымдық бөлімінің қысқартылған атауы (аббревиатура), реттік санынан тұратын шифр беріледі.
 - 3) шифр беру.
7. Сахналық-қойылым құралдарын есепке алу осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес жасалған нысанда түгендеу есебі кітабын жүргізу (бұдан әрі – есеп кітабы) және әр сахналық-қойылым құралына түгендеу нөмірін беру кіреді.
- Сахналық-қойылым құралына шифр және түгендеу нөмірі бояу қолданылып енгізіледі (жууға және химиялық әсерге төзімді) немесе сахналық-қойылым құралдарының көрермендерге көрінбейтін жеріне жіппен тігіледі.
8. Түсім кітабы мен есеп кітабы толтырылардың алдында бауланады, параптараты нөмірленеді, мәдениет ұйымының басшысымен және материалдық жауапты тұлғамен қол қойылады және мәдениет ұйымының мөрі басылады.
9. Уақытша пайдаланылғаннан кейін мәдениет ұйымына қайта түскен сахналық-қойылым құралдарына жаңа шифр мен түгендеу нөмірі берілмейді,

түсім кітabyна жазбалар енгізіледі (түскен қуні, сахналық-қойылым құралының сақталу жағдайының сипаттамасы).

3-тарау. Сахналық-қойылым құралдарын беру және есептен шығару

ЕскеRTу. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 17.01.2025 № 15-НҚ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мәдениет ұйымының ағымдағы репертуарында пайданылмайтын сахналық-қойылым құралдары басқа мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, мемлекеттік мекемелерге және оқу орындарына тегін беріледі.

11. Сахналық-қойылым құралдарын беру осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысанда қабылдау-беру актісіне сәйкес ресімделеді.

12. Сахналық-қойылым құралдарын есептен шығару келесі жағдайда жүргізіледі:

1) осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес тегін беру;

2) сахналық-қойылым құралдарының физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болуы, дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан оны қайта қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай емес және (немесе) мүмкін болмауы.

13. Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан, физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған сахналық-қойылым құралдарының бұзылуын және жойылуын ресімдеу "Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген тұрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 721 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33019 болып тіркелген) бекітілген Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген тұрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

ЕскеRTу. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 17.01.2025 № 15-НҚ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының
сахналық-қойылым құралдарын есепке алу, беру және
есептен шығару нұсқаулығына
1-қосымша

Нысан
"Бекітемін"
Директор

(мәдениет үйымының толық атауы)
20 жылғы " "

Сахналық-қойылым құралдарын тұрақты қолдануға қабылдау актісі №

Осы акт 20 жылдың " " екі данада жасалды.

(мәдениет үйымының атауы)

(аты-жөні, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – аты-жөні), қызметі)
қабылдады,

(курылымдық бөлімнің атауы)

(аты-жөні, қызметі)

келесі сахналық-қойылым құралдары тұрақты қолдануға берілді

P/с №	Берген күні	Шифр	Тұгендеу нөмірі	Заттың атауы және қысқаша сипаттамасы, әзірленген материалы, өлшемі, саны	Жай-қүйі, ақаудың, бүлінудің бар-жоқтығы	Койылымның (спектакль, концерттік бағдарлама, театрландырылған көрініс) атауы
1	2	3	4	5	6	7

Акт бойынша барлығы: _____ дана
сахналық-қойылым құралдары қабылданды

Негіз: (күні, комиссии отырысының хаттамасы)

Қоса берілетін құжаттар тізімі (бар болса):

Осы актінің жасаған тұлғалардың қолдары _____

(Аты-жөні, құжаттарды тапсырған тұлғалардың қолдары)

оыйн-сауық үйымдарының
сахналық-көйлім
құралдарын есепке алу, беру және
есептен
шығару нұсқаулығына
2-қосымша

Нысан

(мәдениет үйымының толық атауы)

Сахналық-көйлім құралдарының түсім кітабы

P/c №	Жазба күні	Шифр	Қайдан түсті және түскен күні, қабылдау актісінің нөмірі	Атауы және қысқаша сипаттамасы	Саны	Әзірленгендеген материалды, күйі	Өлшемі, жалпы салмағы	Қабылдаған күрылымдық бағдарлағасы	Көйлім ның (спектакль, концерттік бағдарлаған көрініс) атауы
1	2	3	4	5	6	7	9	10	11

Мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық үйымдарының сахналық-көйлім құралдарын есепке алу, беру және есептен шығару нұсқаулығына 3-қосымша

Нысан

(мәдениет үйымының толық атауы)

Сахналық-көйлім құралдарының есеп кітабы

P/c №	Жазба күні	Түгендеу нөмірі	Қайдан түсті және берілген күні	Атауы және қысқаша сипаттамасы, әзірленген материалды, өлшемі,	Саны	Көйлім ның (спектакль, концерттік бағдарлағасы, театрланылған / қабылдаған көйған, тапсырға н / қабылдаған)	К о л қойған, тапсырға н / қабылдаға н	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

				жалпы салмағы		н көрініс) атауы		тұлғалар д ы н аты-жөні	
1	2	3	4	5	6	7	9	10	11

Мемлекеттік театрлар мен концерттік
ойын-сауық үйымдарының
сахналық-қойылым
құралдарын есепке алу, беру және
есептен
шығару нұсқаулығына
4-қосымша

Нысан
"Бекітемін"
Директор

(мәдениет үйымының толық атауы)

20 жылғы " "

Сахналық-қойылым құралдарын тұрақты қолдануға қабылданап алу-беру акті №

Осы акт 20 жылдың " " екі данада жасалды

(тапсыруышы үйым/бөлімнің атауы)

(аты-жөні, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – аты-жөні), қызметі)
келесі сахналық-қойылым құралдары тұрақты қолдануға берілді

P/c№	Берген күні	Шифр	Түгендеу нөмірі	Заттың атауы және қысқаша сипаттамасы, әзірленген материалы, өлшемі, саны	Жай-күйі, ақаудын, закым келудін бар-жоқтығы	Қойылымның (спектакль, концерттік бағдарлама, театрландыры лган көрініс) атауы
1	2	3	4	5	6	7

(қабылдаушы үйымның атауы)

(аты-жөні, қызметі)
қабылдады.

Акт бойынша барлығы: _____ дана
сахналық-қойылым құралдары берілді

Негіз: (күні, комиссия отырысының хаттамасы)

Қоса берілетін құжаттар тізімі (бар болса):

Осы актінің жасаған тұлғалардың қолдары _____

(Аты-жөні, құжаттарды тапсырған тұлғалардың қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК